

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы
2021-2022 оқу жылы бойынша мектеп
педагог-психологтарының жұмыс есептері

Психологиялық қызметтің мақсаты:

- Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік - психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.
- Оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг, психикалық денсаулыққа, репродуктивті денсаулыққа дер кезінде көмек көрсету;
- Оқушылардың өзін тануына, айқындауына және дамытуына мүмкіндік беру, бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау;
- Педагогтардың, ата - аналардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық – педагогикалық жағымды дағдыларын жетілдіру.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін - өзі тәрбиелеу және өзін - өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардыңтабысты әлеметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушыларды психологиялық - педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу - тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата - аналар мен педагогтерға консультациялық көмек көрсету; мәселелерді шешуде психологиялық көмек және қолдау көрсету;
- Білім беру үрдісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық күзіреттілігін көтеру. Ұстаздар мен ата - аналардың психологиялық күзіреттілігін арттыру;

Психодиагностика.

Оқыту мен тәрбиелеудегі проблемаларды анықтау мақсатында тұлғаның қасиеттерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу.

Психопрофилактика.

Қоғамдық қауіпті құбылыстар мен аурулардың алдын алу шараларын жоспарлау, білім алушылардың әлеуметтік – психологиялық жат қылықтарының алдын алу.

Психологиялық кеңес беру.

Білім беру мен оқытуды дамытуға өтініш білдірген ересектер мен балаларға жағдайды шешуге көмек көрсету.

Психологиялық түзету.

Жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісіне қиындықтар, мәселелер, белсенді әсер етушілермен жұмыс.

Психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау.

Психологиялық ағарту.

Психологиялық мәдениетті көтеру, психологиялық қызметке сұранысты қалыптастыру және проблемалар туралы ақпарат беру.

Психологиялық қызметтің нормативтік құқықтық актілері бар.

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында ПМПК тізімінде тұрған оқушылар саны:25

Үйдегі оқуда 1 оқушы тіркелген.

Әр оқу жылында мектебіміздің психологиялық қызмет жұмысының жоспарлары құрылып, мектеп директорымен бекітіледі:

http://sc0001.korgalzhyn.aqmoedu.kz/public/files/2024/4/25/250424_184012_2021-2022-ghyly-psihologtyn-ghumys-ghospary.pdf

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

2021-2022 оқу жылы

Оқу жылының басында 8-11 класстар аралығындағы әр оқушының ата-анасынан **келісім шарт** алынды. Келісім шарттың мазмұны бойынша әр ата-ана өзінің баласымен мектеп психологының жұмыс істеуіне ешқандай қарсылық білдірмейтініне келісті.

1 тоқсан басында әр сыныппен профилактикалық-ағартушылық жұмыстар жүргізілді.

1- тоқсан жұмыстары:

10.09.21-23.09.21 аралығында даярлық тобының, С.А. Банков бойынша оқушылардың психологиялық деңгейін анықтауға арналған сауалнама жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша келесі нәтижені көре аламыз:

- 63% оқушыларының әлеуметті психологиялық деңгейі жоғары.
- 37% оқушыларының әлеуметті психологиялық деңгейі орташа.

10.09.21-20.11.21 ж «**Bilim foundation**» ҚҚ психологиялық қолдау көрсету қызметінің порталында орналасқан онлайн сауалнамадан жоғары сыныптардың өтуі. Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу бойынша вахтерлерге дәрістер, семинарларға қатысу.

20 қыркүйек 10 класс оқушыларымен «**Мен және менің ортам**» топтық психологиялық тренинг өткізілді. Өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүруі үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындау мақсаты көзделді.

2021 жылдың 14 қазан-21 қазан аралығында 1 сынып оқушыларының мектепке деген эмоционалдык көңіл-күйін, мектепке бейімделуін анықтау мақсатында Люшер әдістемесі, Керна-Йерасиктің әдістемесі, Социометрия зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әдістеме барысында балалар өздерін еркін, ашық ұстай білді. Әр баламен жеке зерттеу жұмысы жүргізілді. Әдістемелердің нәтижесі бойынша, бірінші сынып оқушыларының мектепке деген бейімделу деңгейін:

- 61 % оқушыларының бейімделу деңгейі жоғары;
- 22% оқушыларының бейімделу деңгейі орташа;
- 17% оқушыларының бейімделу деңгейі төмен;

18 қазан 5 сынып оқушылардың орта буынға бейімделу кезеңге өтетін жұмыс бағдарламасы бойынша **«Мен және біз»** тренинг сабағы өткізілді. Оқушылардың психологиялық денсаулығын жақсарту, психоэмоционалдык жағдайларын өзгерте алу дағдыларын қалыптастыру, мақсаткерлік, кешірімділік туралы ойларын жетілдіру.

8 қараша 8 «а» класында «Доссыз - өмір бос» тақырыбында тренинг өтті.

Мақсаты: Достықтық адам өміріндегі өзіндік ерекшеліктері ұғындыру арқылы, оқушылардың достық қасиеттерін ұштау, өмірден адал да, шыншыл дос таба білуге баулу.

9-13 қараша «Тәуекел тобындағы» балаларды анықтау, осы санаттағы отбасылар мен тұрғын үй жағдайларын тексеру, дамуында ауытқулары бар балаларды анықтау бойынша балалармен жеке сұхбат өткізілді. Әр сұхбат журналға тіркелді.

13 қараша 11класқа арналған психологиялық тренинг-сабақ өткізілді. ҰБТ тапсырушы 11 класс оқушыларының бойындағы стрестік қалыптан арылту, сенімді мінез - құлық дамыту.

21 қараша 6-8 кластар оқушыларымен **«Зиянды әдеттердің алдын алу»** тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылардан салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен жиі шұғылдануға ұсыныс жасалды.

2 - тоқсан жұмыстары:

26-қарашадан 31-желтоқсан аралығында **«Қазақстан Республикасында кәмілетке толмағандар арасындағы суицидтердің алдын алу жөніндегі жобаны кезен-кезеңмен еңгізу»** үшін іс-шаралар жүргізілді. Нәтижесінде қауіп деңгейі жоғары (тәуекел тобындағы) жасөспірімдер бірнеше кластарда анықталды. Бағдарлама нұсқауға сай жүргізілді. Алынған сауалнама мемлекеттік заңдарға және ережелерге сәйкес құпия түрде сақталуда. Сауалнама қорытындысы білім бөліміне ұсынылды.

10 желтоқсан 10 «а» класында **«Көңіл күйінді көтеріп, қуана біл»** тақырыбында әңгімелесу сабағы өтті. Тақырып төңірегінде психикалық денсаулық деген не? Депрессия дегеніміз не? Бойынды стресс билей ме?

сұрақтары талқыланды. Сабақта әр баланың ойы тыңдалып, қорытындыланды.

12 желтоқсан 9 «а» класында «**Мамандық таңдаудың маңызы**» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында әр оқушы өзінің қандай мамандыққа бейім екендігін анықтады.

24-ші желтоқсан мектепте «**ВЕЙП темекінің денсаулыққа зияны**» атты тақырыпта оқушыларымен кездесу өтті. Вейптің балаларымыздың денсаулығына қаншалықты зиян екендігін айтып, видео роликтер көрсетілді. Қорғалжын аудандық полиция бөлімінен қызметкерлер келіп түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

25-ші желтоқсан 8 «а» класс оқушыларымен «**Репродуктивті саулық пен оны сақтаудың негізгі дағдылары**» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылармен репродуктивтік денсаулықты сақтаудың басты шарттарын, оны сақтаудың және гигиенаның маңызы, оған әсер ететін факторлар жайлы әңгіме қозғадық. Осы сабақ барысында «Отбасын жоспарлау» түсінігінің маңыздылығын ұғындырдық. Балалар өз ойларын ашық айтып, сабақта белсенді отырды.

26- желтоқсан 5-7 класс оқушылары арасында «**Менің отбасым**», «**Мен қандай оқушымын**» анкетасы алынды. Анкета нәтижесінде 80% оқушылар отбасының мүшелерімен жақсы қарым-қатынаста екендігі дәлелденді.

23-31 желтоқсан аралығында Ақмола облысы білім басқармасының 2021жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес инклюзивті білім беруді енгізу жағдайына мониторинг 4-11 класс оқушылары мен ата- аналары және мектебіміздің ұстаздары арасында сауалнама жүргізілді. 50% оқушылардан; 20% ата - аналардан; 80% педагогтардан. Мониторинг барысында еш қиындықтар туындаған жоқ.

3 тоқсан жұмыстары:

6- қаңтар 11 класс оқушыларынан «**Өзіңе ұстамды болудың жолы**» сауалнама алынып, ұстамдылықтың қағидалары жайлы пікірталас өтті.

13 қаңтар 9 класс оқушыларымен мамандық таңдау бағытында «**Кім болғым келеді**» тренинг-сабақ өткізілді. Тренинг барысында балалар әлемде таныс емес мамандықтарды атап, өздері де мамандық ойлап тапты. «Болашақта мамандықты қалай таңдаймын» үйге эссе жазу тапсырмасы берілді.

30 қаңтар Жасөспірімдерге психологиялық көмек мәселесі бойынша 7 а класс жетекшісінен келіп түскен сұраныс бойынша, кластың өз ара қарым-қатынасын жақсарту және класта жасөспірімдік кезеңде қиналып жүрген оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. Жасөспірімдік кезеңде қиналып жүрген оқушыларды анықтау мақсатында оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша жеке кеңестер беріліп, ата-аналар жиналысы

өткізілді. Кластың өз ара қарым-қатынасын жақсарту мақсатында тренингтер мен анкеталар жүргізілді.

10 ақпан күні 7-8 кл оқушыларынан «Үй. Ағаш. Адам» проективті тесті өткізілді. Тест мақсаты: тұлғаның эмоциялары мотивациялық сипаттары жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік береді. Сурет бойынша талдау жасалып, 3 оқушының қорқыныш сезімдерін байқадық. Қорқыныш сезімін жою мақсатында оқушымен әңгімелесу техникасын қолданып, тренингтер өткізілді.

«Сенімділік күш береді» 11 кл

11 ақпан 8-11 класс қыздарымен **Жыныстық сауаттылық** жөнінде аудандық ауруханадан келген гинеколог дәрігермен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

17 ақпан «Ғаламторға тәуелділік» сауалнама 8-9 класс оқушыларынан алынды. Оқушылар арасында келесі сұрақтар талқыланды:

50% оқушы -әр түрлі вебсайттарды қолдану,ғаламтордан ақпараттар іздеу;

24% оқушы -виртуалды әлемдегі достарымен сөйлесу, әлеуметтік желілерде көп хат алмасу;

5% оқушы-ойынға тәуелділік, компьютерлік ойындарды көп ойнау;

21% оқушы -ғаламтор арқылы фильмдер қарау, ән тыңдау.

Ғаламтор тәуелділігінен арылу үшін кеңестер беріліп, балалардың ұсыныстары талқыланды.

2-5 наурыз күндері 6-7 класс оқушылары арасында «Денсаулық және өмірлік дағдылар» туралы кітаптар сериясы бойынша презентация өтті. Денсаулық және өмірлік дағдылар – бұл Американдық психологиялық қауымдастығынның психологтары жазған балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптар сериясы. Серияның мақсаты - жас ұрпақты эмоционалды және психологиялық дамыту.

4 тоқсан жұмыстары:

3 сәуір 5-7 класстар аралығында «Үшінші мыңжылдық балалары» тақырыбында ақпараттандыру жұмыстары өткізілді. 2 сәуір дүниежүзі бойынша Аутист балаларды қолдау және әлем бойынша осындай диагнозы бар балалар туралы мәлімет беру күні болғандықтан жыл сайын өткізілетін іс-шара.

4 сәуір 9 класс оқушыларымен Аудандық ауруханадан келген педиатр дәрігерімен бірге «Суицид және оның алдын алу жолдары», қыздар арасындағы хиджаб мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

12-13 сәуір «Ұжымдағы эмоционалды-психологиялық ахуал» Н.А. Шкуричев әдістемесі бойынша 4 кластардан диагностикалық тест алынды. Нәтижесінде:

4 а класында 95% оқушылар класқа бейімделген және әр дайым мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындайды. Білімге деген қызығушылықтары жоғары. 5% оқушы әлі де ойын баласы, ойының бәрі мектептің сыртында.

4 ә класында 100% пайыз оқушылар класқа бейімделген және білімге деген қызығушылығы жоғары.

4 б класында 82% пайыз оқушы білімге деген қызығушылықтары жақсы, 18% әлі де ойын баласы. Класс толық бір-біріне, мұғаліміне бейімделген.

4 в класында 100% пайыз оқушылар класқа бейімделген және білімге деген қызығушылығы жоғары.

11 мамыр, 14 мамыр ПМПК комиссиясының келуіне орай тізімнен шығатын балалардың құжаттарын дайындау.

18 мамыр 11 класс оқушыларымен тренинг ұйымдастырылды. «ҰБТ –ға психологиялық дайындық» тақырыбында ұсыныстар мен кеңестер беріліп, «қобалжуды басу», «Көзің ауырса не істеу керек?» жаттығулары көрсетілді.

26 мамыр ПМПК комиссиясы келді, мектебімізден 2 бала тізімнен шықты.

Қорытынды:

Әр оқу жылының басында психологиялық қызметтің жылдық жоспары құрастырылып, мектеп директорымен бекітіліп, жоспарға сай іс-шаралар кезеңдерімен атқарылып отырады. Мектеп психологының оқу жылына арналған жұмыс жоспары бес бағыт бойынша құрылды. Ол оқушыларды диагностикалау, түзету, кеңес беру, ағарту және алдын алу жұмыстары болып келеді. Бұл бес бағыт оқушылармен, дарынды оқушылармен, қиын оқушылармен, педкадрлармен, және ата аналармен жұмысты қамтиды. Жұмыс жоспарында оқушылардың мазасыздануын анықтау, өзіндік даму ерекшеліктерін анықтау, бағалау, алдын алу т.с.с ерекшеліктерді анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары енгізіледі. Сонымен қатар, ассоциалды қабілеттің, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында алдын алу іс-шаралары да енгізіледі.

Ұсыныстар:

Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен ұстаздың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен, байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді. Мектептегі психологиялық қызмет жұмысы жүйелі түрде жалғастырылсын.

Мектеп психологтары: А.Сулейменова

А.Байтурова